

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторант Мамекова  
Асем Танирбергеновнаның «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби  
даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу»  
тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша ресми рецензенттің  
жазбаша пікірі**

P/c	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі сәйкес	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе 1.2 мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Казіргі таңдағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік- экономикалық, рухани-мәдени жаңаруы жоғары білім беру жүйесіндегі болашак мамандарды даярлауға ерекше талаптар қояды. Осы бағытта «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Әйткені, «Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» адам капиталы, бәсекеге қабілетті кадрлардың сапасын арттырудың маңыздылығы айқындалған. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында «...кез келген мемлекет үшін адами капитал басты өлшемге айналды. Осы орайда біліктілік мәселесі айрықша маңызға ие. Әр азamat өзінің жеке жетістігі арқылы бүкіл елдің табысты болуына, өсіп- өркендеуіне үлес қосады»- деп атап өтті. Бұғінгі таңда осы міндеттерді жүзеге асыруда, жоғары білім беру процесіндегі болашақ мамандының өз мамандығының қоғамға қажеттілігін түсіну барысында өзін-өзі кәсіби маман ретінде дамыта алу мүмкіндіктерін жетілдіру өзекті мәселе болып отыр. Әйткені бұғінгі күні біздің елімізге әлеуметтік-кәсіби және адами талаптарға жауап берे алатын, жаңа идеяны туыннатушы және құнды ойларды тасымалдаушы жана типтегі мамандар қажет. Болашақ мамандының университет қабырғасында менгерген білімі, іскерлік дағдысы, өзін-өзі дамытуы заман талабына қаншалықты сай келсе, соншалықты

			денгейде кәсіби қызметін сәтті атқарады. Осы түрғыдан алғанда, докторант Мамекова Асем Танирбергеновнаның «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярлаған докторлық диссертациясы бүгінгі әлеуметтік тапсырыска сәйкес мамандарды даярлауда өзекті болып табылады.
2	Фылымға маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Докторанттың «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» диссертациялық жұмысы фылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған. Ол теориялық-әдістемелік түрғыдан бекітілуімен, тарихи және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, оны фылыми психологиялық – педагогикалық әдістер аясында талдап қорытумен, педагогикалық, философиялық, психологиялық тәжірибелі ұстанымдар арқылы сарапталуымен және жалпы нәтижелерінің зерттеу мақсатына сәйкес келуімен сипатталады. Студенттердің кәсіби-тұлғалық қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде мотвацияның мәні мен мазмұнын ашқан. Осыған орай зерттеудің фылыми нәтижелері ізденушінің педагогика және психология саласына қосқан үлесі деп тұжырымдауға болады.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2)орташа; 3)төмен; 4)өзі жазбаған	Зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу барысында докторант зерттеушілік қасиеттерін, мәселені, ақпарат көздерін және оны талдай алу әдістерін анықтай алатындығын, фылыми негізделген қорытындыларды талдай жасай алатындығын, зерттеу қызметінің логикасын күра алатындығын және фылыми нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ете алатындығын көрсетті. Сонымен қатар, жұмыстың шынайылығы тексеріліп, қажетті анықтама арқылы дәлелденген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: <u>негізделген</u> ; жартылай негізделген; негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Бүгінгі күнде жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде болашақ мамандының өз мамандығының қоғамға қажеттілігін түсіну барысында өзін-өзі маман ретінде дамыта алу мүмкіндіктерін

		<p>жетілдіре білу мәселесі өзектенділуде. ЖОО-да білім беру кезеңінде тұлғалық және кәсіби қасиеттерді дамытудағы мотивацияны зерттеу өзекті болып табылады. Болашақ маманың ол қандай маман болмаса да мамандыққа бейімделуде студенттердің біріншіден, ЖОО-ның оқу іс-әрекетіне бейімделуі, екіншіден өзінің мүмкіндіктері мен әлеуетін жетілдіру, дамыту, үшіншіден әр курста өтетін педагогикалық практика барысында кәсіпке, мамандыққа қойылатын талаптарды менгеруде кәсіби мотивацияның рөлі жоғары.</p> <p>Осы тұргыдан келгенде «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» бүтінгі күні педагогика, психология саласында өзекті мәселенің бірі болып саналады.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды 1) айқындаиды; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	<p>Диссертацияны оқып талдау барысында, жұмыстың мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын толық айқындаиды. Диссертация жұмысының мазмұны логикалық бірізді қарастырылған. Зерттеудің ғылыми аппараты толығымен негізделген, жүргізілетін жұмыстың кезеңдері айқындалған, зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу туралы мәліметтерді қамтиды.</p> <p>Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің мақсаты: Студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының педагогикалық-психологиясының теориялық негіздерін ашу, кәсіби даярланудағы мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу және талдаудан өткізу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді алға қойған.</p> <p>1. Қазақстандық және шетел зерттеулеріндегі студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың психологиялық теорияларын талдауда, мотивация механизмдеріндегі белсенелік деңгейін жоғарылату мәселесін талдау;</p>

		<p>2. Студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының педагогикалық-психологияның қолданбалы мүмкіндіктерін анықтау және ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде зерттеу;</p> <p>3. Кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның қалыптасуының критерийлерін анықтау және ерекшеліктеріне эмпирикалық зерттеулер жүргізу;</p> <p>4. Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін жоғарылату бойынша ұсыныстар әзірлеу;</p> <p>5. Студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярлану мотивациясын дамытудағы арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижелерін практикада және өндірісте қолданысқа енгізу.</p>	
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұастығымен, бірізділігімен ерекшеленеді. Үш тараудан жеке тақырыптың ғылыми жүйесіне сай бөлінген тараушалардың желісі мен жүйесінде, диссертациялық жұмыстың ішкі құрылымдық бірлігі сақталған, ұғымдық-категориялық аппараты зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары, зерттеудің нысаны мен пәніне сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны өзара байланыста және сабактастықта құрылғандығы зерттеудің біртұастығын негіздейді. Алынған нәтижелер қойылған болжамды растайды.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант, «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбына байланысты бұрын белгілі болған ғалымдардың енбектеріндегі мәселелерді заманауи сұранысқа сай салыстыра сынни талдау жасаған. Сонымен қатар, докторант диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынады және талдай білген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Докторант А.Т.Мамекованың «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» ғылыми</p>

	<p>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жаңалық дәрежесі немен сипатталады десек:</p> <p>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі докторант, отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздерін айқындаған.</p> <p>«Мотивация», «кәсіби мотвация» «тұлғалық өсу», тірек ұғымдарының мәні талданып, мазмұндық сипаты мен өзара байланысы нақтыланған. Бұл нақтыланған ұғымдар педагогика және психология пәндерінің теориялық мазмұнын толықтырады.</p> <p>Екінші ғылыми нәтиже де жаңа. Өйткені, ЖОО-да студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының психологиялық негіздері ашылған, кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның қалыптасуының критерийлері анықталған.</p> <p>Үшінші нәтиже жаңа. Себебі, психология педагогика ғылымдарында студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярлану мотивациясының концепциясы жасалған;</p> <p>Төртінші ғылыми нәтижесі жаңа. Өйткені, ЖОО-дағы білім беру жүйесіне «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты әдістемелік кешен даярлаған Олар: «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты пәннің арнайы оку – бағдарламасы, «Тұлғалық өсуі психологиясы және мотивация» оку әдістемелік құралы, студенттерге арналған тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияға арнайы ұйымдастырылған психологиялық тренингтер модулі жүйелі тұрғыдан жасақталып оның тиімділігі экспериментарқылы дәлелденген.</p>
	<p>5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Зерттеу жұмысының нәтижелері педагогика мен психология ғылымдары үшін маңызды. Өйткені мұнда бүгінгі қоғам талабына сәйкес болашақ мамандары даярлаудың тиімділігі зерделенген.Докторанттың «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» атты диссертация жұмысының тақырыбы бәсекеге қабілетті,</p>

			<p>күзыретті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру заманауи білім жүйесінің талаптарына жауап береді.</p> <p>Зерттеу жұмысында «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты авторлық бағдарламасы мен оны оқытуда пайдаланатын «Тұлғалық өсуі психологиясы және мотивация» атты оқу құралы, студенттерге арналған тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияға арнағы ұйымдастырылған психологиялық тренингтер топтамасы атты әдістемелік кешендері жасалған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары басты ұстанымдары мен ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен арнағы ғылыми басылымдарында барлығы 21 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 1-еуі оқу құралы, 4 мақала КР БжФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 4 мақала РЕДИ (РИНЦ), 10 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарық көрген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>дәлелденді;</u> шамамен дәлелденді; шамамен дәлелденбеді; дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? и亞; <u>жок</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.1. Барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Жок.</p>

		<p>7.3 Жаңа ма? <u>ия</u>; жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: тар; орташа; <u>кен</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе? <u>ия</u>; жоқ</p>	<p>7.3 Жаңа.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кен.</p> <p>7.5. Ия.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	Жұмыстың негізділігі мен шынайылығы докторанттың әртүрлі әдістер мен тәсілдерді көнінен пайдалануы арқылы дәлелденген. Әдістемені таңдаудың негізdemесі және оның сипаттамасы теориялық негіздері туралы диссертация жұмысында жеткілікті түрде жан-жақты көрсетілген. Зерттеу тақырыбына байланысты әдістеменің таңдауы – негізделген.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	Диссертация жұмысының эксперименттік бөлімінде ұсынылған нәтижелер компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен пайдалана отырып алынған. докторант зерттеу міндеттерін шешу және тексеру үшін теориялық және эмпирикалық әдістері мен зерттеу нәтижелерін өңдеудің статистикалық әдістерін қолданған.
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылышқтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылышқтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу педагогикалық ғылымдар бойынша мамандар даярлау бағытында болғандықтан нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Докторанттың жаңа алынған тәжірибелерінің бірі «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» курсының оку- бағдарламалық кешені. Аталған оку бағдарламасының тиімділігі және қолданбалығы I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің, «Қайнар» академиясының, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 3-4 курс студенттеріне эксперимент арқылы тексеріліп,

			ұсыныстар жасалғандылығымен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімдіғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер білім беру саласындағы бірқатар нормативтік құжаттарда, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сөздіктер мен анықталамар, энциклопедиялар, республикалық, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 216 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей, бұл зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді шешу механизмдерін анықтау үшін жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Докторант өзінің зерттеуге алған тақырып аясындағы зерттеу мәселесінің теориялық-әдістемелік аспектілерін айқындау мақсатында отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың педагогикалық, психологиялық және философиялық зерттеулеріне, ондағы теориялар мен идеяларға жан-жақты талдау жасай алған. Зерттеу тақырыбына өзек болатын «тұлғалық өсу», «тұлғалық даму», «мотивация», «кәсіби мотивация», «оқыту мотивация», «енбекке ынталандыру», «тренинг» және т.с. ұғымдарын нақтылаған. Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның рөлін айқындалап оны жүйелеген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Зерттеу барысында алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Докторанттың «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты әдістемелік кешен бағдарламасы бәсекеге қабілетті, құзыретті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда заманауи білім жүйесінің талаптарына жауап береді. Диссертацияның практикалық бөлімінде көрсетілген нәтижелер студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациясын қалыптастыру әдістемесінің жүйелі және практикаға бағыттала құрылғандығының нәтижесі деп нақты айта аламыз.
		9.3 Практикалық	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа

		ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> : жартылайжана (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Студенттердің тұлғалық өсүіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеуге арналған диссертация жұмысы бірізді логикалық бірлікте академиялық тұргыдан жазу сапасы жоғары екенін білдіреді.

Зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар диссертациялық жұмысқа төмендегідей ұсыныстарды айтуға болады.

-Ізденуші зерттеудің теориялық бөлімнде «мотивация» ұғымына алыс-жақын шетелдік ғалымдардың берген анықтамаларына жан-жақты талдау жасаған. Алайда, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған әдебиеттердегі осы ұғымға берілген анықтамалардың диссертация жұмысында көрніс тапқанда жұмыстың теориялық маңыздылығы арта түскен болар еді.

- Ізденуші зерттеудің тәжірибелік бөлімнде «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты элективті курстың бағдарламасы мен оны оқытуда қолданылатын «Тұлғалық өсу психологиясы және мотивация» атты оку құралын оку үрдісіне енгізген. Алайда, элективті курс пен оку құралының мазмұнына диссертация жұмысында теренірек талдау жасалғанда, диссертацияның практикалық бөлімін ұйымдастырудың мазмұны айқынырақ болар еді.

Бұл аталған ескертулер зерттеу жұмысының ғылыми құндылығына әсерін тигізбейді.

Мамекова Асем Танирбергеновна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің тұлғалық өсүіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Докторант 6D010200 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

### Ресми рецензент,

Х. Досмухamedов атындағы Атырау  
университетінің психология және арнайы  
білім беру кафедрасының қауымдастырылған  
профессор м.а., философия докторы (PhD)



К.О. Казиев

K.O. Kaziev	
КОЛЫН (қолдарын) растаймын	
Персоналды басқару және дамыту белімін бастығы	
«14» 02 2022 ж.	